

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) арасындағы Қазақстан Республикасының ЭЫДҰ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат жөніндегі комитетінде ҚОҚССК) "қатысушы" мәртебесін алуы туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 қарашадағы № 869 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) арасындағы Қазақстан Республикасының ЭЫДҰ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат жөніндегі комитетінде (ҚОҚССК) "қатысушы" мәртебесін алуы туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Маратұлы Мырзағалиевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) арасындағы Қазақстан Республикасының ЭЫДҰ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат жөніндегі комитетінде (ҚОҚССК) "қатысушы" мәртебесін алуы туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 25 қарашадағы  
№ 869 қаулысымен  
мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) арасындағы Қазақстан Республикасының ЭЫДҰ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат жөніндегі комитетінде (ҚОҚССК) "қатысушы" мәртебесін алуы туралы хаттар алмасу нысанындағы келісім**

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министріне

**Құрметті министр,**

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің 2016 жылғы 23 қарашадағы хатына сүйене отырып, ЭЫДҰ-дағы ішкі рәсімдер аяқталғаннан кейін Қазақстан ЭЫДҰ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат жөніндегі комитеттің (ҚОҚССК) және оның біріккен органдарын қоса алғанда қосалқы органдарының (сауда және қоршаған орта жөніндегі біріккен жұмыс тобы, ауыл шаруашылығы және қоршаған орта жөніндегі біріккен жұмыс тобы және салық және қоршаған орта жөніндегі біріккен сарапшылар кездесуі) "қатысушысы" болуға шақырылатыны туралы Сізді хабардар ету мен үшін қуаныш.

ҚОҚССК экономикалық және экологиялық жағынан тиімді болып табылатын қоршаған орта саласындағы саясатты қалайша ең үздік түрде әзірлеу және жүзеге асыру туралы сындарлы диалогқа арналған форум болып табылады. Комитет өз мандатында көрсетілгендей, ЭЫДҰ-ға мүше мемлекеттер мен әріптестер арасындағы ортақ экологиялық мақсаттарға, оның ішінде және қоршаған ортаны басқару саласындағы бірлескен зерттеулер мен талдау арқылы тәжірибе, сараптама, ақпарат алмасу, саясат пен тәсілдер мәселелері бойынша үйлестірілген консультациялар арқылы қол жеткізудегі ынтымақтастықты қолдайды.

Егер осы шақыру қабылданатын болса, Қазақстанның "қатысушы" мәртебесінің шарттары мен ерекшеліктері ЭЫДҰ-ның қағидаларында және қалыптасқан практикасында, атап айтқанда ЭЫДҰ органдарындағы Әріптестік жөніндегі кеңестің [С (2012)100-REV1- FINAL] қайта қаралған қарарымен көзделген практикасында айқындалатын болады, оның көшірмесін қосымшадан көресіздер.

Рәсімді аяқтау үшін Сіздің Үкіметіңізден осы шақыруды, сондай-ақ осы шақырудан туындайтын құқықтар мен міндеттерді қабылдайтыныңыз туралы жазбаша растауды алсам, ризашылығымды білдіретін едім.

Қазақстанның Комитет пен оның қосалқы органдарының жұмысына белсене қатысуын және соның нәтижесіндегі өзара пайданы тағатсыздана күтемін.

Шын жүректен,  
Анхель Гурриа

Экономикалық ынтымақтастық  
және даму ұйымының  
Бас хатшысы  
Анхель Гурриаға

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Сіздің 2018 жылғы 30 қазандағы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат жөніндегі комитетінде (бұдан әрі – ҚОҚССК) Қазақстан Республикасын "қатысушы" болуға шақыруға қатысты хатыңызды алғанымызды растауға рұқсат етіңіз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚОҚССК-ға "қатысушы" болуға шақыруды қабылдауға келісетінін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының осы Комитетке мүше болудан туындайтын міндеттемелерді, оның ішінде қаржылық міндеттемелерді сақтауға мойынсұнатынын растайды.

Қазақстан Республикасы үшін ЭЫДҰ негізгі комитеттерінің біріне кіруге шақыру жүргізіліп жатқан жұмыстың жоғары бағаланғанының маңызды белгісі және еліміздің қоршаған ортаны қорғау саласын одан әрі жетілдіру үшін ынталандыру болып табылады.

Сіздің хатыңыз және осы жауап тиісті түрде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЭЫДҰ арасындағы Қазақстан Республикасының ЭЫДҰ-да (ҚОҚССК) "қатысушы" мәртебесін алуы туралы хаттар алмасу нысанындағы келісім болып табылады.

Осы Келісімге сәйкес біз шақыруды, сондай-ақ Сіздің хатыңызда көрсетілген құқықтарды, міндеттерді және шарттарды және Сіздің хатыңызға қосымшада "ЭЫДҰ органдарындағы Әріптестік туралы кеңестің қайта қаралған қарарында" ұсынылған, атап айтқанда: ЭЫДҰ-ның (ҚОҚССК) сұратуы бойынша ақпарат беруді және ЭЫДҰ-ға (ҚОҚССК) қатысқаны үшін жыл сайынғы мүшелік жарнаны енгізуді қоса алғанда, кездесулер мен жұмыс топтарына қатысуды қабылдаймыз.

Қазақстан Республикасындағы орнықты өсімнің әрбір кезеңіндегі ЭЫДҰ-ның баға жетпес үлесі үшін алғысымды және Сіздерге деген аса құрметімді білдіремін.

Мен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жоғарыда жазылғандармен келісетінімді және осы хат пен Сіздің шақыру хатыңыз қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) арасындағы Қазақстан Республикасының ЭЫДҰ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат жөніндегі комитетінде (ҚОҚССК) "қатысушы" мәртебесін алуы туралы хаттар алмасу нысанындағы келісім болып саналатын растауды хабарлауды құрмет санаймын.

Құрметпен,  
Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Экономикалық ынтымақтастық  
және даму ұйымы (ЭЫДҰ)  
арасындағы Қазақстан  
Республикасының ЭЫДҰ Қоршаған  
ортаны қорғау саласындағы саясат  
жөніндегі комитетінде (ҚОҚССК)  
"қатысушы" мәртебесін алуы  
туралы хаттар алмасу нысанындағы  
келісімге қосымша

# ЭЫДҰ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ӘРШТЕСТІК ТУРАЛЫ КЕҢЕСТІҢ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ҚАРАРЫ

(Кеңестің 2015 жылғы 23 қарашадағы 1324-ші сессиясында қабылданған)

JT03387805

Түпнұсқа форматындағы толық құжат OLIS-те қолжетімді.

Осы құжат және осы құжатқа енгізілген кез келген карта қандай да бір аумақтың мәртебесіне немесе егемендігіне, халықаралық шекаралар мен шекаралар делимитациясына және қандай да бір аумақтың, қаланың немесе ауданның атауына нұқсан келтірмейді

## КЕҢЕС

1960 жылғы 14 желтоқсандағы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы туралы конвенцияны, атап айтқанда оның 12-бабын назарға ала отырып;

Ұйым рәсімдерінің қағидаларын және, атап айтқанда, 1, 8 және 9-қағидаларын назарға ала отырып;

Кеңестің Ұйым бюджетінің I бөлігін қаржыландыру жөніндегі қарарын назарға ала отырып [C/MIN(2008)6/FINAL];

Кеңестің Ұйымды басқарудың жаңа құрылымы туралы қайта қаралған қарарын [C (2006) 78 / REV1 / FINAL], атап айтқанда Сыртқы байланыстар комитетінің мандатын назарға ала отырып (31-тармақ);

Кеңестің және оның тұрақты комитеттерінің шешім қабылдауы жөніндегі Кеңестің қарарын [C (2015) 100, B], атап айтқанда 13 ix, 14 (b) і және 20 (c) тармақтарын назарға ала отырып;

Кеңестің Ұйымның қосалқы органдарының жұмысына қатысушы болып табылмайтын елдердің қатысуы туралы қарарын [C (2004) 132 / FINAL] және Кеңестің Ұйымның қосалқы органдарына мүшелер болып табылмайтын елдердің қатысу жарнасы туралы қарарын [C (96) 223 / REV4 / FINAL] назарға ала отырып;

"Оларды анағұрлым ыңғайлы ету үшін және ЭЫДҰ-ға мүше болып табылмайтын елдермен өзара қатынастар жөніндегі негіздемелік бағдарламада [C (2005 жыл) 158 / FINAL], Кеңестің кеңейту және кеңейтілген қатысу туралы қарарында [C / MIN (2007) 4 / FINAL], кеңейтілген өзара іс-қимылды тереңдету жөніндегі комитеттерге арналған ұсынымдарда [C (2010) 100 / FINAL], ЭЫДҰ даму стратегиясында [ C / MIN (2012) 6], ЭЫДҰ-ның 50-жылдығына жасалған пайымдау туралы мәлімдемеде [C / MIN (2011) 6 / FINAL], Министрлер кеңесінің 2012 жылғы мәлімдемесінде [C / MIN (2012) 10 / FINAL ] және басқа да тиісті құжаттарда жазылған Ұйымның жаһандық өзара іс-қимылының

жалпы стратегиясымен олардың үйлестігін қамтамасыз ету үшін ЭЫДҰ органдарына мүше болып табылмайтын елдердің қатысу қағидаларын жаңарту қажеттілігін мойындай отырып;

Өзара мүдделер негізінде ЭЫДҰ органдарына мүше болып табылмайтын елдердің қатысуын, сондай-ақ ынтымақтастықты көтермелеу және мұндай қатысудың Ұйым жұмысына әсер етуін, оның халықаралық күн тәртібін қалыптастырудағы рөлін және тиісінше ЭЫДҰ Конвенциясында айқындалған өзінің мандатын орындауға оның қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік беруге тиіс екенін қарастыру қажеттілігін қамтамасыз етудің маңыздылығын мойындай отырып;

ЭЫДҰ органдарына әріптестердің қатысуының жоғары деңгейінің маңыздылығын және осындай органдарға оны қамтамасыз ету үшін тиісті ынталандыруды ұсыну қажеттілігінің маңыздылығын атап көрсете отырып;

ЭЫДҰ-ны анағұрлым тиімді және бәрін қамтитын, оның ішінде оның құндылығын көтермелеу және тарату, Ұйым жұмысының тиімділігіне немесе әдістеріне залал келтірмей, оларды әзірлеуде және іске асыруда мүше болып табылмайтын елдердің қатысуы арқылы оның стандарттары мен озық тәжірибесінің маңыздылығы мен жаһандық танылуын арттыру арқылы халықаралық ұйым етуге өзінің бел байлағаны туралы қайталап айта отырып;

#### ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

##### Негізгі қағидаттар

1. а) Негізгі комитеттер Ұйым қызметінің сапасын, өзектілігін және өзара іс-қимыл жасауын және тиісінше оның ЭЫДҰ Конвенциясына сәйкес өзінің мандатын атқару қабілеттілігін арттыру мақсатында олардың жұмысына және өзінің қосалқы органдарының қызметіне мүше болып табылмайтын елдердің қатысуы жөніндегі негіздемелік бағдарламаны көздей отырып, жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясын әзірлейді.

б) Ұйымның бір немесе бірнеше қосалқы органдарының жұмысына қатысатын мүше болып табылмайтын елдер әріптестер деп аталады. Олар осы органдардың жұмысына қатысу үшін органдардың жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясына және осы Қарардың ережелеріне сәйкес шақырылғандар, қатысушылар немесе қауымдастырылған мүшелер ретінде шақырылуы мүмкін.

с) Өз жұмысына бір немесе бірнеше әріптестерді тартуға ниет білдіретін негізгі комитет өзінің жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясына негізделген қатысу жоспарын әзірлеуге тиіс. Ол осы қатысу жоспарын өзара келісім бойынша оны бекіту үшін Сыртқы байланыстар комитеті арқылы Кеңеске ұсынады.

д) Ұйымның қосалқы органы негізгі әріптес ретінде Кеңес тағайындаған әріптестердің кез келгенін шақырылған немесе қатысушы ретінде шақыра алады. Бұл шақырулар қатысу жоспарында ақпарат үшін көрсетіледі.

е) Қатысушы немесе қауымдастырылған мүше ретінде қатысқаны үшін жарна төленуге тиіс.

ф) Осы қарар қолданылатын процестер үшін мән-жайлармен расталған кезде жазбаша рәсім орындалуы мүмкін. Егер қатысушы оны ұлғайтуды сұрамаса, мерзімі 15 күнді құрайды. Оны тиісті органның төрағасы шұғылдығына байланысты, егер мүше мемлекет қарсы болмаса ғана қысқартуы мүмкін.

г) Осы қарардың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада негізгі комитеттер және олардың қосалқы органдары үшін олардың жаһандық өзара іс-қимыл стратегияларын және олармен байланысты қатысу жоспарларын әзірлеуге, әріптестердің олардың жұмысына қатысуына және жарналарды айқындау әдісіне қатысты ортақ қолданылатын нұсқау қамтылған. Нақты жағдайларда Кеңес әртүрлі ұсынымдар беруі мүмкін.

h) Осы қарар Рәсімдер қағидаларының 1 b) қағидасында айқындалғандай Кеңесті, тұрақты комитеттерді және Кеңес құрған арнайы органдарды қоспағанда, және Кеңес қабылдаған кез келген нақты жағдайлар сақталған кезде Ұйымның барлық органдарына, оның ішінде бағдарламаның II бөлігіне қатысты шешімдерге қатысу үшін құқықтық және институционалдық негізді қамтамасыз етеді.

#### Әріптестік нысандары

2. а) Органдардың қалауы бойынша шақырылғандарға қосалқы органдардың жекелеген кеңестеріне қатысу ұсынылуы мүмкін, бұл ретте олардың қатысу жоспарына енгізілуі шарт. Олар өздері шақырылған жиналыстарға қатыса және талқылауға жәрдем көрсете отырып, осы органның мандатын және жұмыс бағдарламасын орындауға ықпал етеді деп күтіледі.

б) Қатысушыларға, егер өзгеше көзделмесе, органның екі жылдық шолуының жүргізілуі шартымен шектелмеген уақыт кезеңі ішінде қосалқы органның барлық отырыстарына қатысу ұсынылады. Рәсімдер қағидаларында, осы қарарда және шақыруда белгіленген шарттарға сәйкес олар осы органның отырыстарына және жұмысына белсенді қатысу арқылы, сондай-ақ орган талап етуі мүмкін ақпаратты ұсыну арқылы оның мандатын және жұмыс бағдарламасын орындауға елеулі үлес қосатындай жағдайда болуға және оған әзір болуға тиіс.

с) Қауымдастырылған мүшелерге, егер өзгеше көзделмесе, шектелмеген уақыт кезеңі ішінде қосалқы органның барлық отырыстарына қатысу ұсынылады. Қатысушыларға қойылатын талаптарға қоса олар қосымшаның 5 а) тармағында аталған өлшемшарттарға сай бола отырып, органның мақсаттары мен тәжірибесін өзінің жақтайтынын көрсетуге және органның дерекқорлары үшін талап етілуі мүмкін кез келген статистикалық ақпаратты ұсынуға міндетті.

д) Кеңес елді Ұйымға мүше мемлекет ретінде қосу туралы пікірталас ашуға шешім қабылдаған әрбір кезде сол ел, егер өзгеше көзделмесе, ережелер мен шарттарға,

сондай-ақ Ұйым айқындайтын әріптестік нысанына сәйкес Ұйым органдарының отырыстарына белсенді қатысады деп күтіледі.

#### Шақырулар

3. а) Әріптестерге қосалқы органдардың жұмысына қатысу ұсынылуы мүмкін:

i. Тиісті органмен және Сыртқы байланыстар комитетімен консультациялардан кейін Кеңестің бастамасы бойынша; немесе

ii. Әріптесті оның қатысу жоспарына қосу арқылы негізгі комитеттің бастамасы бойынша; немесе

iii. Хатшылық арқылы тиісті негізгі комитетке өтінішпен жүгініп, өз бастамасы бойынша. Мұндай жағдайда комитет Кеңеске өтініш берушіні оның қатысу жоспарына қосуды бекітуді ұсынуы мүмкін. Мұндай ұсыныс болмаған жағдайда комитет өтінімді қосымшаның 1 b) тармағында аталған өзінің жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясының шолу контексінде қарайды және өзінің қорытындыларын Сыртқы байланыстар комитетіне ұсынады.

b) Хатшылық Сыртқы байланыстар комитетіне а, iii) тармағында аталған өтінімдер туралы хабарлайды. Егер мүше ел мұндай хабарлаудан кейін 15 күн ішінде қарсылық білдірсе, онда өтінім бас тартылған болып саналады және өтінім берушіге тиісті түрде хабарлануға тиіс.

#### Қорытынды ереже

4. Осы қарар С (2004) 132 / FINAL және С (96) 223 / REV4 / FINAL Кеңес қарарларын жояды және алмастырады.

#### ҚОСЫМША

Жаһандық іс-қимыл стратегиясына, шақыруларға және олардың жұмысына әріптестердің қатысуына қатысты қосалқы органдар үшін басшылық қағидаттар

#### Жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясы

1. а) Негізгі комитеттердің жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясы комитеттердің мандаттарына және Ұйымның жаһандық өзара іс-қимыл саласындағы жалпы стратегиясына сәйкес және мынадай элементтерді ескере отырып әзірленеді:

i. қандай әріптестік мына контексте өзара мүддені білдіретін болады:

- мүше елдерге әріптестердің экономикалық дамуының әсері,

- институционалдық және саяси ноу-хау әріптестер,

- органға қатысушы әріптестердің оңтайлы саны және осындай қатысудың осы органның тиімді жұмыс істеуіне әсері,

және, осылайша, комитет жұмысының мандаты мен бағдарламасын және Ұйымның мүше болып табылмайтын елдердің дамуына жәрдемдесуге арналған мандатын орындауға ықпал етеді;

ii. ұсынылып отырған әріптес шақырылған, қатысушы немесе қауымдастырылған мүше болуға тиіс пе;

iii. қатысушылар немесе қауымдастырылған мүшелер орындауға тиіс шарттар;

iv. осы қарарға және ЭЫДҰ-ның қағидалары мен рәсімдеріне сәйкес әріптестіктің жоғары деңгейін көтермелеудің және орган жұмысына анағұрлым толық интеграцияланудың тиісті тәсілдері мен құралдары;

v. әріптес ретіндегі жаһандық форумдарға, өңірлік тәсілдерге қатысу немесе екіжақты қызмет сияқты болжамды балама шақырулар.

b) Негізгі комитеттердің жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясы өзекті болып қалуын және олардың жұмыс бағдарламасы мен бюджетінің қазіргі заманғы стратегияларға негізделуін қамтамасыз ету үшін комитеттерге олардың екі жылға арналған бағдарламаларын қосымша дайындаумен қатар екі жылда бір рет стратегияларды қарау ұсынылады.

Қатысу жоспары

2. a) Кеңес Сыртқы байланыстар комитеті арқылы негізгі комитеттің қатысу жоспарын мақұлдағаннан немесе түзеткеннен кейін комитет жоспарда көрсетілген шарттарда шақыруды қабылдаған қатысушыларды немесе қауымдастырылған мүшелерді шақырады. Комитет шақырылғандар ретінде аталған әріптестерді өз қалауы бойынша шақыруға уәкілетті.

b) Жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясына сілтеме жасай отырып, қатысу жоспарында мыналар белгіленеді:

i. ұсынылып отырған әріптестер, олар шақырылуға тиіс рөлі және ұсынылып отырған әріптестердің шақыруды қабылдаған күні;

ii. жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясына қосылған әріптестерді шақыру үшін шарттар;

iii. жойылуға тиіс кез келген қатысушылар немесе қауымдастырылған мүшелерді шақырулар;

iv. осы органның отырыстарына төрт немесе одан көп жыл бойы қатысу үшін кезеңдік негізде шақырылғандар ретінде шақырылған және орган оларды қатысушылар ретінде ұсынбаған негізгі әріптестерді қоса алғанда, шақырылғандар жағдайында мұндай ұсыныстардың жасалмау себептері.

c) Негізгі комитет өзінің қатысу жоспарын қосымшаның 1 b) тармағында ескерілген өзінің жаһандық өзара іс-қимыл стратегиясының бір бөлігі ретінде екі жылда бір реттен сиретпей қарауға және Сыртқы байланыстар комитеті арқылы Кеңестің бекітуі үшін қажет деп санаған кез келген түзетулерді ұсынуға тиіс.

d) Негізгі комитет Кеңеске Сыртқы байланыстар комитеті арқылы хабарлау жолымен өзінің қатысу жоспарына әріптестерді шақыруды қосуды немесе бас тартуды мақұлдау өтінішімен жүгіне алады. Хабарламадан кейін 15 күн ішінде мүше ел осы мәселені қарау үшін артық уақыт сұрамаса немесе осы мәселені Сыртқы байланыстар жөніндегі комитеттің күн тәртібіне қосуды сұрамаса, мұндай түзетулер бекітілуге тиіс.



e) d) тармағының ережесіне қарамастан, қауымдастырылған мүшені қатысу жоспарына қосу немесе қатысуын тоқтату барлық жағдайларда Сыртқы байланыстар комитетінің күн тәртібіне енгізілуге тиіс.

#### Шақырылғандар

3. а) Шақырылған ретінде шақыру шақыруда көзделгендей, тиісті органның немесе оның қосалқы органдарының біреуінің жеке жиналысына немесе министрлер деңгейіндегі кеңеске қатысты болуға тиіс. Бұл бірлескен органдардың жоғары тұрған органдарының келісуі шартымен олардың отырыстарына қатысты болуы мүмкін.

б) Шақырылғанның отырысқа қатысуы күн тәртібінің нақты тармақтарымен шектелуі мүмкін және орган төрағасы құпия деп белгілеген талқылауды немесе Рәсімдер қағидаларының 9 б) қағидасына сәйкес Кеңес төрағасы шақырылғандар қатыспауға тиіс деп шешкен талқылауды қамтымауға тиіс. Бұл елді Ұйымға қосу немесе елді немесе экономиканы шақырылғандар қосылмаған құқықтық құжатқа қосу контекстінде өткізілетін барлық талқылауларға қатысты.

с) Шақырылған қандай да бір жарнаны төлемеуге тиіс.

д) Төрағаның қарауы бойынша шақырылған талқылауға араласа алады.

е) Шақырылған орган бюросының төрағасы немесе мүшесі болып сайлана алмайды.

ф) Шақырылған органдарда шешімдер қабылдау процесіне қатыспайды және органның қорытындыларына, ұсыныстарына немесе шешімдеріне немесе орган жауапты болатын кез келген тәртіпке байланысты емес.

#### Қатысушылар

4. а) Қатысушы ретінде шақыру шақырушы органға және оның Жаһандық форумдарына қолданылады және шақыруда көзделгендей оның қосалқы органдарына және министрлер деңгейіндегі кеңестерге қолданылуы мүмкін. Бұл олардың жоғары тұрған органдары келіскен кезде бірлескен органдарға қолданылуы мүмкін.

б) Қатысушы, орган төрағасы құпия ретінде көрсеткендерді және Кеңес төрағасы Рәсімдер қағидаларының 9 б) қағидасына сәйкес оларға қатысушылар қатыса алмайды деп шешкен талқылауларды қоспағанда, органдардағы талқылауларға қатыса алады. Қатысушы елді Ұйымға қосуға немесе елді немесе экономиканы өзі қосылмаған құқықтық құжатқа қосуға қатысты талқылауға шақырылмайды.

с) Қатысушы күн тәртібінің тармақтарын ұсынуға және талқылауға араласуға құқылы.

д) Қатысушы орган бюросының төрағасы немесе мүшесі болып сайлана алмайды.

е) Қатысушы органның шешімдер қабылдау процесіне қатыса алмайды. Егер қатысушы өзінің келісімі туралы тікелей мәлімдемесе, қатысушы органның қорытындылармен, ұсыныстарымен немесе шешімдерімен немесе орган жауапты болатын кез келген тәртіптермен байланысты емес.

ф) Қатысушы ретінде шақыру Хатшылықта хат нысанында қабылданады. Шақыруды қабылдау қатысушыны барлық тиісті шарттарға міндеттейді. Қатысушы

немесе Ұйым он екі ай бұрын хабарлай отырып, қатысушының мәртебесін бұза алады. Ұйым бұны қатысу жоспарына тиісті түзетулермен жасауға тиіс.

g) Егер қатысушы бірнеше рет немесе он екі немесе одан көп ай ішінде өзінің міндеттемелерін орындамаса, оның ішінде өзінің жарналарын төлемесе, негізгі комитет қатысушының орган жұмысына қатысу құқығын тоқтата алады және Кеңеске Сыртқы байланыстар комитеті арқылы хабарлайды. Мұндай жағдайда Кеңес тиісті органмен және Сыртқы байланыстар комитетімен консультациядан кейін бұл құқықты тоқтату шешімін қабылдай алады.

#### Қауымдастырылған мүшелер

5. a) Қауымдастырылған мүшелер ретінде шақыру кандидат жүргізетін саясатты және оның осы органның мақсаттарын, практикасын және жоғары стандарттарын жақтайтынын, сондай-ақ осы мақсат үшін кемінде қатысу жоспарында айқындалған заңды құжаттарды жақтайтынын бағалауға негізделеді.

b) Егер өзгеше көзделмесе, олардың жоғары тұрған органдары бірлескен органдармен келіскен жағдайда, қауымдастырылған мүше ретінде шақыру шақырушы органға, оның қосалқы органдарына, жаһандық форумдарға, министрлер деңгейіндегі кеңестерге қолданылады.

c) Қауымдастырылған мүше органның, оның ішінде оның бюросы қызметінің барлық аспектілеріне қатыса алады. Ол органның шешімдер қабылдау процесіне де қатысады. Қауымдастырылған мүше, егер өзгеше көрсетілмесе, органның пікірлерімен, ұсыныстарымен немесе шешімдерімен байланысты. Алайда, мұндай құқықтар мен міндеттер елдің Ұйымға қосылуына байланысты қандай да бір қызметке, елдің немесе экономиканың қауымдастырылған мүше қосылған құқықтық құжатқа немесе шақыруда көрсетілген кез келген қызмет түріне қосылуына қолданылмайды.

d) Қауымдастырылған мүше ретінде шақыру Хатшылықпен хат алмасу арқылы қабылданады, ол а) тармағында айқындалған барлық тиісті құжаттарды сақтауды қоса алғанда, қауымдастырылған мүшеге барлық қолданылатын шарттарды сеніп тапсырады. Қауымдастырылған мүше немесе Ұйым он екі ай бұрын хабарлай отырып, қауымдастырылған мәртебені тоқтата алады. Ұйым қатысу жоспарына қажетті түзетулерді жасауға тиіс.

e) Егер Кеңестің қауымдастырылған мүшесі бірнеше рет немесе он екі немесе одан көп ай ішінде өзінің жарналарын төлеу бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаса, негізгі комитет қауымдастырылған мүшенің орган жұмысына қатысуын тоқтата алады және Кеңеске Сыртқы байланыстар комитеті арқылы хабарлайды. Мұндай жағдайда Кеңес тиісті органмен және Сыртқы байланыстар комитетімен консультациядан кейін бұл құқықты тоқтату шешімін де қабылдай алады.

f) Кеңес қажет болуы шамасына қарай орган өзінің қауымдастырылған мүшелеріне осы нақты органның "мүшелері" ретінде сілтеме жасай алатынымен келіседі.

ЭЫДҰ заңды құжатына қатысты жобаларға немесе талқылауларға қатысу

6. а) Ұйым мүше болып табылмайтын бір немесе бірнеше мемлекетті жобаға немесе оның басқарушылық құрылымдарына шақырылғандар ретінде қатысу үшін шақырған кездің барлығында Хатшылық Сыртқы байланыстар комитетіне осындай қатысу туралы ұсыныс береді. Егер қатысушы ұсынысты Кеңеске ұсыну туралы сұрамаса, Сыртқы байланыстар комитеті шақыруды мақұлдауға тиіс және бұл жағдайда Кеңес өзара келісім бойынша шешім қабылдайды.

б) Қосалқы орган мүше болып табылмайтын бір немесе бірнеше елді ЭЫДҰ-ның құқықтық құжатына қатысты талқылауға шақырылғандар ретінде қатысу үшін шақыруды қаласа, ол Сыртқы байланыстар комитетіне тиісті түрде хабарлауға тиіс. Егер қатысушы осы мәселені Сыртқы байланыстар комитетінің күн тәртібіне қосуды сұрамаса, шақыру 1 f) тармағында көзделгендей, хат рәсіміне сәйкес мақұлдануға тиіс. Сыртқы байланыстар комитеті қарағаннан кейін Кеңес өзара келісім бойынша шешім қабылдайды.

с) Кеңес а) және б) тармақтарында ескерілген жағдайларда мүше болып табылмайтын мүдделі елдерді де қауымдастырылған мүшелер ретінде шақыра алады. Мұндай жағдайларда, егер олар өзгеше мәлімдемесе, олар өздерін жобаның нәтижелерімен немесе талқылауларымен байланыстырады деп күтіледі.

#### Жарналар

7. а) Қатысушылардан негізгі комитетке қатысқаны үшін 10 600 еуро немесе негізгі комитеттің қосалқы органына қатысқаны үшін 3 600 еуро мөлшерінде, егер әріптес комитеттің қатысушысы болып табылмаса, сол комитеттің үш немесе одан астам қосалқы органдары үшін 10 600 еуроға дейін жылдық төлем алынады. Халықаралық инвестициялар және көпұлтты кәсіпорындар туралы декларацияларды ұстанатын және Инвестициялық комитеттің тиісті жұмысына қатысатын, осы комитеттің қатысушысы немесе қауымдастырылған мүшесі болып табылмайтын кез келген әріптес үшін төлем Сыртқы байланыстар комитеті Инвестициялық комитетпен консультациядан кейін басқаша шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, негізгі комитеттің қосалқы органындағы жұмыс кезіндегідей болуға тиіс.

б) I бөлімдегі органдар қатысушыларынан алынған барлық жарналар бюджет кірісі ретінде қаралатын болады. II бөлімнің бағдарламаларын басқаратын органдардағы қатысушылардан алынған жарналар бұрынғыдай ерікті жарна сияқты қаралады.

с) Негізгі комитеттің, оның ішінде шақыру қолданылатын оның қосалқы органдарының I бөліміндегі қауымдастырылған мүшелерден ол осы органдағы барлық қауымдастырылған адамдар үшін бірдей жарна алынады. Ол негізгі комитет I бөлімінің қарауы бойынша 20 000 немесе 50 000 еуро мөлшерінде белгіленеді. Осы орган үшін қатысушы жарнасының деңгейіне дейін жететін сома бюджетке кіріс ретінде қаралатын болады; қатысушы мен қауымдастырылған мүше жарналары арасындағы айырма тиісті органға қайта бөлініп берілетін болады және ерікті жарна сияқты қаралады. Органның қосалқы органдарын, жобаларды және ЭЫДҰ құқықтық құжаттарымен жұмысты қоса

алғанда, оның I бөлімінің қауымдастырылған мүшесі төлеуге тиіс жиынтық жарна 50 000 еуродан аспауға тиіс.

d) а) және с) тармақтарында көрсетілген сома 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап жыл сайын елдің инфляциясының алдыңғы күнтізбелік жылының ресми деңгейіне тең автоматты түрде ұлғайтуға жатады және 100 еуроға дейін ықшамдалады.

e) Халықаралық коммерциялық мәмілелердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыс тобындағы қауымдастырылған мүшелер үшін төлемді қандай соманың ең жоғары болуына байланысты қатысушының бір жарым мөлшеріндегі жарнасына сәйкес келетін 10 проценттік үстеме шығыстарды немесе төлемді қоса алғанда, мүше елдерді бағалау үшін қолданылатын осы жұмыс органының бағдарланған құны негізінде есептеу жалғастырылады; және ерікті жарналар сияқты қаралады. Кеңес I бөлімнің басқа органдарындағы қауымдастырылған мүшелер үшін арнайы ережелерді жасай алады.

f) Егер Сыртқы байланыстар комитеті өзгеше шешім қабылдаса, II бөлімнің бағдарламасын басқаратын органдағы қауымдастырылған мүшеден соманың ең жоғары болуына байланысты қатысушының бір жарым жарнасы мөлшеріне сәйкес төлем немесе 10 проценттік үстеме шығыстарды қоса алғанда, мүше мемлекетті бағалау үшін қолданылатын тиісті органның бағдарланған құны негізінде проценттік жылдық үлес алынатын болады.

g) Қауымдастырылған мүшелерге Ұйымға оның бастапқы интеграциясының және осы интеграциямен байланысты кез келген кейінгі ерекше қызметтің елеулі шекті шығынын тиісті орган үшін оның жыл сайынғы жарнасынан асатын шамада қайтару ұсынылуы мүмкін.

h) Тиісті қосалқы орган жобаға немесе ЭЫДҰ-ның құқықтық құжатына қатысты талқылауларға қауымдастырылған мүше ретінде қатысу жарналар төлеуге кепілдік беретіні туралы мәселені қарай алады және бұл солай болған жағдайда с) тармағының ережесін ескере отырып, түпкілікті ұсынысты бекіту үшін Сыртқы байланыстар комитетіне осындай алымдардың мөлшері туралы ұсыныс бере алады.